

**2013 жылы денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария мемлекеттік ұйымдары мамандарына отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек беру туралы**

*Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Қарғалы аудандық мәслихатының 2012 жылғы 8 тамыздағы № 59 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 29 тамызда № 3 -6-149 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қарғалы аудандық мәслихатының 2013 жылғы 27 маусымдағы № 123 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қарғалы аудандық мәслихатының 27.06.2013 № 123 шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 66 «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Заңының 18 бабының 5 тармағына сәйкес, аудандық мәслихат

**Ш Е Ш І М**

**Е Т Т І :**

1. 2013 жылы Қарғалы ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдары мамандарына отын сатып алу үшін аудандық бюджет қаражаты есебінен 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде әлеуметтік көмек берілсін.

2. «Аудандық экономика, бюджетті жоспарлау және кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекемесі әлеуметтік көмектің берілуіне қажетті қаражатты қ а р а с т ы р с ы н .

3. «Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі осы шешімнің орындалуын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат*

*Аудандық мәслихат*

*сессиясының төрағасы*

*хатшысы*

*Н. Смолинец*

*Х. Жылқыбеков*